

## Салық заңдарын қолданудың сот практикасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы N 5 нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2013 жылғы 27 ақпандағы № 1 нормативтік қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 27.02.2013 № 1 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Салық заңдарының жекелеген нормаларын түсіндірудің қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

#### **қаулы етеді :**

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі)" (бұдан әрі - Салық кодексі) 2-бабының 1-тармағына сәйкес салық заңдары Салық кодексінен және қабылдануы осы Кодексте көзделген басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Мұндай нормативтік құқықтық актілерге Үкіметтің нормативтік қаулылары, салық қызметі органдарының жүйесіндегі уәкілетті мемлекеттік орган басшысының нормативтік құқықтық бұйрықтары, сондай-ақ Сыртқы істер министрінің консулдық алымдардың нақты ставка мөлшерін белгілеу туралы (Салық кодексінің 511-бабының 2-тармағы) нормативтік құқықтық бұйрықтары және жекелеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің ставкаларын белгілеу туралы жергілікті уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық шешімдері жатады.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 1-тармағының, 36-бабы 6-тармағының күшіне сәйкес, азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау оларды қолданысқа енгізудің міндетті шарты болып табылады. Мемлекеттік органдардың осы Заңның 36-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында аталған жалпы міндеттеушілік маңызы бар, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілері көрсетілген Заңның 38-бабының 1-тармағында көзделгендей, Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізілмесе қолданысқа енгізілмейді.

Салық кодексінің 9-бабына сәйкес, салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

Салық дауларын қараған кезде көрсетілген шарттарға сәйкес келмейтін нормативтік құқықтық актілерді соттардың қолдануға құқығы жоқ.

Салық кодексінің 16-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, салық қызметі органдары өз құзіреті шегінде салық міндеттемелерінің туындауы, орындалуы мен тоқтатылуы жөнінде түсініктеме және түсіндірме беруді жүзеге асыруға құқылы. Мұндай түсіндірулер мен түсініктемелер, соның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың түсіндірулері мен түсініктемелері нормативтік құқықтық актілерге жатпайды. Бұлар, салық заңдарының нормаларына сәйкестігі ескеріле отырып сотпен бағалануға жатады.

2. Салық салу мақсатында заңдардың нормаларын қолданған кезде Кодекстің 2-бабының 4-тармағымен белгіленген Салық кодексінің нормаларының басымдығын ескеру керек.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы кодекстегіден өзге ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережесі қолданылады (Салық кодексінің 2-бабының 5-тармағы). Сонымен қатар шарттың өзінен оны қолдану үшін заң шығаруды талап ететін жағдайлар туындамаса мұндай шарттар Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 3-тармағына сәйкес тікелей қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 1-бабы 4-тармағына сәйкес, заң құжаттарында көзделген реттерді қоспағанда, салық жөніндегі қатынастарға азаматтық заңдар қолданылмайды. Осыған байланысты соттар салықтық қатынастарды азаматтық заңдармен реттелетін басқа мүліктік қатынастардан ажыратуы тиіс. Салық міндеттемесін уақытында өтемеген сомаға қоса есептелген өсімпұл мөлшерін АК-нің 297-бабының негізінде азайтуға болмайды.

4. Салық кодексінің 29-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеушінің салық міндеттемесін орындауды дербес жүзеге асыратыны туралы ережесінен, Салық кодексімен тікелей көзделген жағдайлардан басқа реттерде, ол тиісті салық сомасын өзінің атынан және өз қаражаты есебінен бюджетке төлеуге міндетті. Салықтарды төлеуден босату мақсатымен салықтық борышты басқа тұлғаға аудару туралы жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер заңдардың талаптарына сәйкес келмейтіндіктен жарамсыз деп танылуы тиіс.

5. Салық міндеттемесі бойынша талап қою мерзімінің ескіруін реттейтін Салық кодексінің 38-бабымен салық қызметі органы салық кезеңі аяқталғаннан кейін немесе жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың қолданылу мерзімі біткен соң бес жыл ішінде салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге немесе олардың есептелген сомасын қайта қарауға құқығы көрсетілген (1 және 1-1-тармақтар). Салық төлеушінің салықтың артық төленген сомасын есепке жатқызу немесе салық және бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдердің артық төленген сомасын қайтару туралы талабына қатысты сондай мерзім белгіленген (2-тармақ). Көрсетілген мерзім түпкілікті болып табылады.

Салық қызметі органы есептеу және есептелген соманы қайта қарау құқығын қолданғанда мерзім Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген хабарлама шыққан күннен бастап саналады. Егер хабарлама осы норманың 8) тармақшасына сәйкес салық төлеушінің шағымын қараудың нәтижесі бойынша шығарылса, онда мерзім, салықты тексерудің нәтижесі бойынша хабарлама шыққан күнге есептеледі. Осы немесе басқа салыққа немесе бюджетке төленетін басқа міндетті төлемге қатысты салық кезеңі Салық кодексі ережелерінің ескерілуімен анықталуға жатады.

Салық кодексінің 6-бабында белгіленген салық салудың анықтылық принципі , соның ішінде салық заңдарында, салық міндеттемелерінің тоқтатылуының барлық негіздерінің белгілену мүмкіндігін білдіреді. Жеке және заңды тұлғаның тиісті салық міндеттемесін тоқтату негіздерінің толық тізбесі Салық кодексінің 57, 58-баптарында көзделген. Есептеу немесе олардың есептелген соманы қайта қарағаннан кейін бес жыл мерзімнің өтуі салық міндеттемесін, оның ішінде салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуді тоқтатуға негіз болып табылмайды.

6. Салық кодексінің 15-бабының 1-тармағымен, салық қызметі органдарына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық түсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген. Осы міндеттерді орындау үшін Салық кодексінің 17-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес салық қызметі органдары салық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салық төлеушіден салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алуға міндетті. Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары Салық кодексінің 8-тарауында және 9-тарауының 49-55-баптарында көзделген. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алудың мұндай шаралары, демек жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығарту, өкілетті мемлекеттік органның сотқа талап арыз беруі арқылы жүргізіледі. Заңды тұлға мен жеке кәсіпкерге қатысты барлық көрсетілген тәсілдер мен шараларды қолдануға болады, ал жеке тұлғаға қатысты төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасына өсімпұл есептеу ғана қолданылады. Егер заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер салық берешегінің сомасын мәжбүрлеп өндіріп алу шараларының барлығы қолданылғаннан кейін өтемеген жағдайда, Салық кодексінің 56-бабына сәйкес, салық органы оны банкрот деп тану жөніндегі шараларды заңдарға сәйкес қолдануға құқылы.

Салық кодексінің аталған нормаларымен заңды тұлға мен жеке кәсіпкердің салық берешегін сот тәртібімен қаралмайтын түрінде өндіріп алу мүмкіндігі толық қамтамасыз етілген. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК) 153-бабы бірінші тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық қызметі органының аталған тұлғалардан салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бересіні және өсімпұлды өндіру туралы талап арызын судья азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпайтындықтан қабылдаудан бас тартуы тиіс.

Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағының 22) тармақшасында бересіге, есептелген және мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомалары ретінде түсінік берілген.

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің тізбесі Салық кодексінің 60-64-баптарымен белгіленген.

Салық кодексінің 45-бабына сәйкес төленбеген салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдердің сомасына өсімпұл есептеу белгіленген мерзімде орындалмаған салық міндеттемесін орындату тәсілдерінің бірі болып табылады. 46-баптың 1-тармағында өсімпұл, мерзімі өткен салық міндеттемесінің сомасына есептелетін белгіленген мөлшер екендігі жайлы түсінік берілген. Өсімпұл салық міндеттемесінің өз уақытысында орындалмауымен байланысты мемлекеттік бюджеттің жоғалтқанын толтырады.

7. АІЖК-нің 139-бабының бірінші бөлігіне және 140-бабының 5) тармақшасына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалардан салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша бересіні өндіріп алу жөніндегі даусыз талаптар бойынша сот бұйрығы шығарылады.

Заңды тұлғаларға қатысты осы ереже салық берешегін өндіру жөнінде салық қызметі органдарының өкілеттігін көздейтін Салық кодексінің нормаларына қайшы келеді. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының талабына сәйкес АІЖК-не қарағанда, қолданысқа кейінірек енгізілген Салық кодексінің нормалары қолданылуға жатады.

8. Салық қызметі органдары сотқа жеке тұлғаларға қатысты сот бұйрығын шығару туралы арыздар және бересі мен өсімпұлды өндіру туралы талап арыз беруге құқылы.

Мәлімделген талаптың даусыздығын салық төлеуші - жеке тұлғаның, салық қызметі органының хабарламасына, осы хабарламада белгіленген мерзімде шағымданбауы куәландырады. Сондықтан хабарлама салық төлеушінің (өкілінің) жеке өзіне қол қойдырылып немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен тапсырылуы тиіс (Салық кодексінің 31-бабының 4-тармағы).

Егер сот бұйрығын шығару туралы өтініште бересіні өндірумен қатар өсімпұл сомасы туралы талап болса, онда АІЖК-нің 141-бабы екінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес өндіріп алушының талаптары, оларды негіздеген мән-жайлар және олар құжатпен расталса, судья "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 3-тармағының талаптарын ескеріп өсімпұлды да өндіру туралы бұйрық шығаруға құқылы.

9. Салық кодексінің 541-бабының негізінде салық қызметі органының салықтық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомалары және өсімпұл туралы шығарған хабарламасы, салықты тексерудің нәтижелері бойынша қабылданған шешім болып табылады, егер салық төлеуші олармен келіспеген жағдайда, сот тәртібімен тек қана хабарламаға шағым келтіре алады. Сот салық тексеруі актісінде мазмұндалған тұжырымдарды ескеріп, есептелген даулы соманың заңдылығын тексереді.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын қоса есептеуге әкеліп соқпаған салық тексеру актісінің қорытындыларымен келіспесе, бұл жағдай салық төлеушінің құқықтары мен міндеттеріне, соның ішінде келешектегі салық кезеңдеріне әсер ететін болса, салық төлеуші, салық тексеру актісіне шағымдана алады (мысалы, міндетті зейнеткерлік жарналар бойынша берешектің болуы туралы, тексерілген кезеңде шығындарды азайту туралы тұжырымдар бөлігінде). Тексеру актісіне шағымдану салық қызметі органдарының лауазымды тұлғаларының әрекетіне шағымдану ретінде бағаланады.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтардың және заңды тұлғалардың салық қызметі органдарының лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы істер мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың қарауына жатады.

10. Салық тексеруі нәтижелеріне және салық қызметі органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы арыздарды сот тәртібімен қарау АІЖК-нің 27-тарауымен реттеледі.

АІЖК-нің 280-бабының бірінші бөлігінде бекітілген сотқа арызбен жүгіну мерзімі: сотта тікелей салық тексеру актісі бойынша хабарламаға дау айту жағдайында - Салық кодексінің 31-бабының 4-тармағының тәртібінде оны табыстаған күннен бастап, ал жоғары тұрған салық қызметі органына алдын ала шағымданған жағдайда - салық төлеушіге, оның шағымын толық немесе ішінара қанағаттандырусыз қалдыру туралы осы органның шешімі белгілі болған күннен бастап есептеледі. Егер салық төлеушінің шағымдарын қарау нәтижелері бойынша жаңа хабарлама шығарылса, оған шағымдану мерзімі белгіленген тәртіпте табысталған күннен бастап қайта есептеледі.

Салық қызметі органдары лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданған кезде, аталған мерзім, салық төлеушіге оның құқықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғаны туралы немесе жоғары тұрған салық қызметі органымен оның шағымы толық немесе ішінара қанағаттандырусыз қалдыру жөнінде белгілі болған күннен бастап есептеледі.

Сот салық қызметі органдарының шешімі немесе осы органның лауазымды тұлғаларының әрекеті (әрекетсіздігі) заңдардың нормаларына сәйкес келмейтінін анықтаса, аталған шешім немесе әрекет (әрекетсіздік) толық немесе ішінара заңсыз деп танылуға, ал шешімнің күші жойылуға жатады. АІЖК-нің 282-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, сот салық органына немесе оның лауазымды тұлғасына салық төлеушінің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға жол берген бұрмалаушылықты толық көлемінде жоюды міндеттейді.

11. АІЖК-нің 65-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. АІЖК-нің 77-бабының талабына сәйкес, әрбір дәлелдеменің қатыстылығы, жарамдылығы, нанымдылығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануы тиіс. Сондықтан салық төлеушінің хабарлама немесе салық тексеруі актісіне өз қарсылығын негіздеуге ұсынылған дәлелдемелерін, бұл дәлелдемелерді тексеру барысында салық органына немесе жоғары тұрған салық органына, оның нәтижелеріне шағымданғанда салық төлеушінің ұсынған-ұсынбағанына қарамастан, сот оларды қабылдауға және бағалауға міндетті.

12. Салық төлеуші салық тексеруінің нәтижелері жөніндегі хабарламаға немесе тексеру актісіне Салық кодексінің 95-тарауымен белгіленген салық органының салық тексеруін жүргізу тәртібін сақтамау негізінде дау айтқан кезде, сот жіберілген осы бұзушылыққа баға бергенде оның сипатына және тексеру нәтижелерінің негізділігі мен заңдылығына ықпалын ескеруі тиіс. Атап айтқанда, Салық кодексінің 536-бабына сәйкес салық тексеруін жүргізу үшін негіздеме болып табылатын деректемесіз немесе деректемені салық органында тіркеусіз жүргізілген тексеру нәтижелерін ешқандай шартсыз заңсыз деп тануға жатады. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 1 наурыз 2004 жылғы N 12 бұйрығымен бекітілген Шаруашылық субъектілерінің қызметін тексеруді есепке алу бойынша нұсқауды бұзып, Құқықтық статистика бойынша комитеттің аумақтық органдарында және Бас Прокурордың арнайы есептеріне тіркелмегендігі жөніндегі тексеру ұқсас жағдайларға әкеліп соғады. Сонымен қатар, "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 18-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің салық заңдарын сақтауы бойынша тексеру тіркелуге жатпайды.

13. Салық кодексінің 38-бабының 1 және 1-1-тармақтарының күшіне сәйкес, салық кезеңі аяқталғаннан кейін немесе жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың қолданылу мерзімі біткен соң, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу немесе олардың есептелген сомасы бес жыл ішінде салық қызметі органдарымен қайта қаралуы мүмкін. Осы ережеден туындайтыны, аталған органдар, белгіленген мерзімді сақтаса, тура сондай салық кезеңінде, тура сондай салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша қайта салық тексеруін жүргізуге құқылы.

14. Салық кодексінің 555-бабының 2-тармағына сәйкес, салықты тексеру актісі бойынша хабарламаға салық төлеушінің шағымын қарау нәтижелері бойынша салық қызметінің жоғары тұрған органы шағымдалған хабарламаны өзгеріссіз, ал шағымды қанағаттандырусыз қалдыру жөнінде немесе шағым жасалған хабарламаны ішінара немесе толық күшін жою туралы шешім шығарылады. Салық төлеушінің шағымын қарау нәтижесі бойынша шағым жасалған хабарламаның ішінара күшін жойған жағдайда, салық қызметі органы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімпұлдың есептелген сомасын азайту жөнінде жаңа хабарлама шығарады. Салық кодексінің 557-8-бабының тәртібіне сәйкес, жоғары тұрған салық қызметі органы қосымша тексеру жүргізбей есептелген соманы көбейту жөнінде шешім қабылдауға құқылы емес.

15. АІЖК-нің 49-бабының екінші бөлігіне сәйкес, егер бітімгершілік келісімі заңға қайшы келсе, сот тараптардың бітімгершілік келісімін бекітпейді. Салық төлеуші мен салық органының арасындағы бітімгершілік келісімі Салық кодексімен бекітілген салық салудың міндеттілігі, анықтылығы және әділдігі принциптерін бұзады. Бұдан басқа, тараптардың істі бітімгершілік келісімімен аяқтауға құқығы олардың арасындағы мүліктік қатынастың теңдігі негізінің болуына байланысты. Салықтық қатынас бір тараптың басқа тарапқа билік ету бағынысына негізделген. Осыған байланысты сот салық даулары бойынша бітімгершілік келісімін бекітуге құқылы емес.

16. Салық кодексінің 73-бабына сәйкес, салық қызметі органдары трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар бақылау "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" (бұдан әрі - Трансферттік бағалар туралы заң) Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.

Көрсетілген бақылау "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (бұдан әрі - Салықтар туралы заң)" Қазақстан Республикасы Заңының 94-бабының 1-тармағында және Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 21) тармақшасында берілген түсінік бойынша салық режимінің бөлігі болып табылмайды. Сондықтан заңдардың және салық режимінің

тұрақтылығы туралы жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттарының ережелеріне қарамастан оны жүзеге асыру заңды.

Мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактісі анықталған жағдайда, салық органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық салу объектілері мен салық міндеттемесіне түзету енгізеді. Трансферттік бағалар туралы заңның 5-бабының 5-тармағында белгіленген салық салу объектілеріне түзету жасау негізінде осы мәмілелерден түскен кірістер немесе шығыстар және басқа да салық салу объектілері нарықтық бағаға негізделіп анықталса, заңды тұлғаларға табыс салығы, қосылған құнға салық (бұдан әрі - ҚҚС), акциз (акцизделетін тауарлармен мәміле жасалған жағдайда), роялти және жер қойнауын пайдаланушылардың үстеме пайдасына салық кеден төлемдері ескеріле отырып қолданылады.

Осыған байланысты, трансферттік бағаларды қолданып мемлекеттік бақылауды жүзеге асырған кезде жоғарыда келтірілген Трансферттік бағалар туралы заңның нормаларында аталған салықтар мен төлемдер бойынша салық салу объектілерін анықтау тәртібін белгілейтін жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарының ережелері қолданылуға жатпайды.

17. Салық туралы заңның қолданылуы және салық режимінің тұрақтылығы кезеңінде жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары негізінде өз қызметтерін іске асыратын салық төлеушілер қатысатын істер бойынша осындай келісім-шарттардың күшіне енген күні қолданыста болған салық заңдарының материалдық нормалары қолданылады. Салықтар туралы заңның 94-бабының 1-тармағында салық режимі жер қойнауын пайдаланушылар үшін белгіленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу талабы ретінде анықталған. Осы анықтама ескеріле отырып, сондай-ақ 1997 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының N 1 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу туралы" N 41 нұсқаулықтың 115-тармағында ескеріліп, осы Заңның 162-бабымен көзделген өсімпұл және айыппұл түріндегі салықтық санкцияларға, салық режимінің тұрақтылығы қолданылмайды.

18. Кейін заң шығарушымен жойылған арнайы қорлардағы төлемдерге (жол қорына, табиғат немесе қоршаған ортаны қорғау қорына, Мемлекеттің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу міндетті әлеуметтік және міндетті медициналық сақтандыру қорларына аудару) салық режимінің тұрақтылығын қолдану туралы мәселені шешу кезінде жер қойнауын пайдалану келісім-шартының ережелеріне жүгіну керек.

Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шартқа қол қойылған күнгі қолданыстағы салық заңдарына сәйкес салықтар мен төлемдерді төлеуге міндеттенсе, осыған орай келісім-шартпен арнайы қорларға төлемдер мәселесін



реттейтін заңдар салық туралы заңға жатқызылса, келісім-шартқа тиісті тәртіпке сәйкес өзгеріс енгізілгенде ғана жер қойнауын пайдаланушы күші жойылған төлемдерді төлеуден босатылады.

Бұл ереже жер қойнауын пайдалану келісім-шартына қол қойылғаннан кейін өзгертілген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдердің ставкаларына қатысты да қолданылады.

19. Салық кезеңі үшін есептелген салық сомаларының үстінен есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасынан асып кетуі анықталған жағдайларда, артық төленген салықтардың сомаларын есепке жатқызу және қайтару мәселелерін реттейтін Салық кодексінің 6-тарауының нормалары салық төлеушінің бюджетпен өзара қатынасына қолданылмайды. Жалпы ереже бойынша қосылған құн салығы сомасынан мұндай асып кету, осы салық бойынша алдағы төлемдердің есебіне жатқызылады (Салық кодексінің 251-бабының 1-тармағы).

20. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша Салық кодексінің 251-бабының 2-тармағында көрсетілген шарттарды орындаған кезде, асып кеткен қосылған құн салығының сомасы, қосылған құн салығын төлеушіге, Салық кодексінің 252-бабында белгіленген тәртіпте қайтарылады.

Бұл жағдайда қосылған құн салығын қайтару негізінің бірі болып салық органымен жүргізілген салықты тексеру актісімен қайтаруға ұсынылған салық сомасы дұрыстығының құпталуы болып табылады.

Осы соманың дұрыстығының құпталуы мақсатында салық органдары тауар жеткізушілерге қарсы салық тексеруін жүргізуге құқылы, оның нәтижелері бойынша салықтың қайтарылуы туралы шешім қабылданады.

Салық кодексінің 252-бабының 4-тармағында қарсы тексеру қай кезде жүргізілмейтіні және қай кезде мұндай тексеру міндетті болатындығы жайлы жағдайлар қарастырылған. Тауар жеткізушіні тексеруді тағайындау туралы шешімді қабылдаудың тәртібі өкілетті мемлекеттік органмен белгіленеді.

21. Мемлекеттік баждың соттардағы мөлшері, оны төлеу мен қайтарудың тәртібі Салық кодексінің 496 , 507 , 508-баптарымен анықталған.

Мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту мүмкіндігі заңдармен қарастырылмаған.

Салық кодексінің 501-бабында соттардағы мемлекеттік бажды төлеуден босату негіздерінің түпкілікті тізбесі белгіленген.

Салық заңдарының нормаларын қолданумен байланысты істер бойынша мемлекеттік баж, Салық кодексінің 496-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларымен белгіленген мөлшерде төленуге жатады. АІЖК-нің 110-бабына сәйкес салық қызметі органының шешімін немесе әрекетін (әрекетсіздігін ) заңсыз деп тану туралы салық төлеушінің талабын сот толық немесе ішінара

қанағаттандырған жағдайда мемлекеттік баж, тиісті мөлшерде аталған органнан арыз берушінің пайдасына өндіріледі.

22. Осы қаулының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының "Соттардың салық заңдарын қолданудағы кейбір мәселелері туралы" 20 желтоқсан 1999 жылғы N 19 қаулысының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы" 20 наурыз 2003 жылғы N 2 нормативтік қаулысы 4-тармағының үшінші абзацының күші жойылды деп танылсын.

23. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы